



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қызметте жүргенде, қазақ әдебиетінің негізін салушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин Қызылорда халық ағарту институтының ректоры болып қызмет атқарады.

Содан 1927 жылы желтоқсанда Ж.Нұрманов Қазақстан Орталық Атқару комитеті Қызылорда уездік сайлау комиссиясының хатшысы болып тағайындалады. Ал 1928 жылы 30 тамызда Бірінші аймақтық педагогикалық курстарды өткізу кезінде ағартушы қызметкерлердің алғашқы республикалық конференциясын ұйымдастырады. [5]

Жанәбіл Нұрманов 1929 жылы еліміздің астанасы Қызылорда қаласынан Алматы қаласына ауысқанда Қызылорда облысындағы Жалағаш аудандық партия комитетін басқаруға жіберіледі. Артынша, яғни 1931 жылы, 35 жасында белгісіз себептермен кенеттен қайтыс болады. Кейін оның есімі құрметпен еске алынып, оған Кеңес өкіметінің, Қазақ елінің дамуына өзіндік үлес қосқаны үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы берілді. Бүгінде Қызылорда қаласында И.Тоқтыбаев көшесіндегі өлкетану мұражайы жанында Жанәбіл Қабылұлы Нұрманов пен Кеңес өкіметінің қалыптасуы кезеңіндегі азаматтық соғыста өз жандарын құрбан еткен батырларымыз, оның 18 серігін еске түсіретін бауырластар ескерткіш-мемориалы орнатылған. Қала көшелеріне олардың аттары берілген.

Жанәбіл Қабылұлы 1931 жылы қайтыс болғанда оның артында Қызылорда қаласындағы әйелдер мектеп гимназиясының алғашқы директоры болып қызмет атқарған аяулы жары Зайда Юнусова және 4 жастағы ұлы Еркін мен алты айлық қызы Фарида қалады. Ұлы Еркін Жанәбілов әкесі мен анасының жолын қуып, білім беру жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, құқық қорғау саласында қызметтер атқарды. Ол республика ғылымына өзіндік үлесін қосып, ұзақ жылдар Қарағандыдағы КСРО ИМ Жоғары мектебінде қызмет етіп, еңбек құқығы кафедрасын басқарды, кейіннен Алматыдағы КСРО ИМ Жоғары мектебінде қызмет етіп, милиция полковнигі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты дәрежесіне дейін жетті. Қызы Фарида да әке үмітін ақтап, 1956-1961 жылдары Қазақстанның денсаулық сақтау саласына өз үлесін қосқан құрметті адам болды. 1961-1991 жылдар аралығында 30 жылдан астам уақыт балалар үйін басқарып, құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін жыл сайын 80-ге жуық балаға пана болған, бүгінде 80 жасқа толған аяулы ана. Бүгінгі күні Қазақстанның алғашқы қалыптасу кезеңдерінде халқы үшін еңбек еткен үлгілі ата мен әке жолын Жанәбіл Нұрмановтың немерелері жалғастыруда. Олардың ішінен тұңғыш немересі құқық ғылымдарының докторы, заң ғылымдарының кандидаты, ИМ-нің полиция полковнигі, қазіргі күні Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі Ахуалдық орталығының меңгерушісі қызметін атқарып отырған Нұрлан Еркінұлы Жанәбіловті атап айтуға болады. [4]

Халқы үшін елеулі еңбек еткен аталарымыздың тарихтағы өзіндік орнын айқындауымыз өткенге құрметіміз. Олар туралы деректерді жарыққа шығарып, өнегелі істерін келер ұрпаққа үлгі етуіміз біздің парызымыз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дабаев І.Н. Сыр ұстаздары // Өскен өңір.- 1972.- 27 қазан
2. Нурканов А. Борец за дело партии // Қазақстанская правда.- 1974.- 4 июнь
3. «Советская степь». 1924 жыл, 5 ақпан.
4. Пугасов М. Жизнь на благо народа// Казахстанская правда. -2011

ӘОЖ 94.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Нурпанова Ж.Қ.

Zh/nurpan@mail.ru

Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., Мусабалина Г.Т.

Көшпелі шаруашылықта киіз үйді тіккенде шаңырақты ер азаматтар көтеріп тұрған, ал үйдің керегесін керіп, уығын шаншитын, туырлық үздігін жабатын әйелдер болған. Қазақ қоғамында ерлер әйел – аналардың осындай артықшылықтарын көріп, даланың жазылмаған заңдары арқылы қорғап отырған. Отбасында әулетте әрбір әйел ананның өзіндік орны болған. Бірінші әйел бәйбіше деп аталды. Бәйбіше отбасы мен дәстүрлі шаруашылықта өзіндік орынға ие болып, елеулі рөл атқарған. Екінші әйел тоқал деп аталды. Көп әйелді әр түрлі жағдайларға байланысты алды. Көпшілігі бірінші әйелі бедеу болғанда, ұл баласы болмағанда немесе ұрпағы көп болу үшін алды. Бірнеше әйелді тек бай, ауқатты адамдар ғана алды. Көп әйел алған да көп бала болады. А.И.Левшин Нуралы ханның (XVIII ғ.) 16 – 17 заңды әйелі, 75 баласы, оның 40 ұл баласы болғандығын жазады.[1]

Қазақ отбасындағы қоғамдағы әйелдердің орны мен жағдайы туралы сөз еткенде әртүрлі көзқарастардың кездесетіндігі де заңды құбылыс. Бүкіл қазақ әйелдерінің көрген күні қараң, тұрмысы ауыр, өмірі азапта өтеді деген үстірт пікірлер де бой көрсетпей қойған жоқ. Оны біз әйелдердің қоғамдық мәселелерді шешуге араласпайтындығынан, сайлауға не сайлануға қақысының жоқтығынан көреміз. Ел арасындағы әртүрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласынсыз, тек ерлер арасында, онда да ақсақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай жағдай олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізгі патриархалды – рулық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Үй ішінің тағдырын әр қазақ әйелі белсене қатынасып отыруға міндетті болды. Отбасының тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегі байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдердің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұсқан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін. [2] Тамақ дайындау, киім тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, жас балалар мен қартайған ата – енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ – түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Ол тек басшылық етіп, жеңіл - желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағыдан басаға араласпаған. Ал орташа шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала – шағаның міндетіне жататын.[1]

Қазақтың санасына ертеден ер азаматтар «отағасы», әйел заты «отанасы» деген пікір сіңісіп кеткен. Ерлер түздің адамы, ол отбасын асырауға міндетті. Ал аналар өмірге ұрпақ әкеліп, оны аялы алақанына салып, бағып-қағумен айналысқан.

Қазақ елінің басынан түнерген бұлт кетпей, түрлі қиыншылықтарды бастан өткерген замандарда аналарымыздың ел ертеңі үшін ерлермен қатар ауыр жұмыстарды атқаруына тура келді. Соғыс- жылдарында, тіпті тылда еңбек етіп, майданды астықпен қамтамасыз еткені белгілі. Ал тәуелсіздіктің таңы атқан тұста да отбасын асырауда ер мен әйел бірдей қызметтер атқарды.[2] Керек десеңіз, еліміздің Конституциясының 14-бабында заң мен сот алдында жұрттың бәрінің тең екендігі, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтыны анық жазылған.

Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ер адамдардың орны туралы түсінік ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі біздің заманымызда бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық адамзатқа ортақ зорлықсыз өмір сүрудің идеалдары мен құндылықтарын іздеу қажеттігі туып отыр. Қазақстанда қазіргі кезде жүріп жатқан әлеуметтік – экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Солардың бірі - гендер мәселесі болып табылады.

Гендер түсінігі соңғы кезде елімізде ерекше жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге

айналып келеді. Сонымен, гендер дегенміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынастарын айқындайтын, сондай-ақ, олардың әлеуметтік орны мен рөлдерін анықтауға бағытталған ғылыми бағыт. «Gender» ұғымы ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) деген түсінікті білдіреді. Ал, гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.[3]

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан Республикасында гендерлік саясатты дамытуда бірқатар жұмыстар жүзеге асырылды. Әйелдер жағдайын жақсарту бойынша ұлттық механизмнің институционалды дамуы 1995 ж. консультативті-кеңесші орган - Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы, әйелдер мәселелері және демографиялық саясат жөніндегі Кеңестің құрылуынан бастау алады. Бұл Кеңес 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия деп аталып, өзінің құқықтық дәрежесіне қарай Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органға айналды. Аталған комиссия отбасы мүддесін қорғау, еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне әйелдердің қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның ұйымдастыруымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Президент әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндіктеріне ерекше назар аударды. Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқару ісіне де кәсіби деңгейі жоғары көптеген әйел адамдар белсене атсалысуда. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министр және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. Жүздеген әйелдер Парламент пен мәслихат депутаттары болып сайланды.[4]

Елімізде «Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» құжатының қабылдану мақсаты Конституциямызда жария етілген ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін іске асыру және олардың қоғам өмірінің барлық саласына теңдей қатысуы үшін жағдайлар жасау болатын.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат гендерлік өзара түсіністік саласының қалыптасуына, гендерлік стереотиптерден арылуға, ерлер мен әйелдердің теңдігі және олардың мүмкіндіктеріне тең құқық орнатуға сондай-ақ, гендер саласындағы отандық заңнамалық базаны құру мен дамытуға жол ашты. Мәселен, елімізде 2009 жылы 8 желтоқсанда «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және 2009 жылы 4 желтоқсанда «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды.

Елімізде гендерлік теңдік мәселесі барлық қоғамдық қатынастардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012ж. Қазақстан халқына Жолдауында қоғамда «іс жүзінде гендерлік теңдік пен әйелдерге ерлермен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді» тапсырған болатын.[3]

Көптеген әлем елдерінде әйелдердің билікке, мысалы, саяси партиялардың басқару органдарына дәстүрлі жолмен қол жеткізудің шектеулі болуына байланысты, әйелдер билікке, осы органдарға балама құрылымдар арқылы қол жеткізіп отырды, бұл әсіресе, үкіметтік емес ұйымдар секторында байқалады. Осы орайда соңғы жылдары қазақстандық қоғамда әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының санының өсу үдерісі етек алуда. Бұған ел ішінде және халықаралық қарым-қатынас аясында демократиялық өзгерістердің өрбуі, мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің өзгеруі, мемлекет қызығушылықтарының қоршаған ортаны қорғау мен адам құқығы сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарға өтуі және т.б.

себеп болып табылады. Қазіргі таңда әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының өсу үдерісі Қазақстанның жаңа болмысымен, ел әйелдерінің әлеуметтік белсенділігімен және қоғамдық өмірде олардың рөлінің артуымен де түсіндіріледі. Үкіметтік емес ұйымдардағы іс-қайраткерлігі – бұл әйелдердің өздерін қоғамдық ортада танытуына мүмкіндік беретін тиімді тәсіл. Негізінде қазақстандық қоғамдағы әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының іс-қимылы көптеген ауқымды әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелердің шешілуімен сипатталады. Еліміздегі әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары орталық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде өздерінің мүдделерін қорғап, сақтап қалу мәселелерімен белсене айналысуда. Айта кетерлік жайт, әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары әйелдер мәселелерімен қатар, басқа да көптеген қоғамдық өзекті сұрақтарды шешуге зор үлестерін қосуда. Олардың арасында «Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы» ҚБ, «Мөлдір» әйелдер қауымдастығы (Алматы), «Көкшетау феминистік лигасы» қоғамдық бірлестігі, «Даму және бейімделу әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі (Астана), «Интеллектуалды еңбек әйелдер одағы» (Алматы) қоғамдық бірлестігі, Петропавл қаласының әйелдерін қолдау орталығы, «Незабудка» әйелдерді қолдау орталығы (Риддер, Шығыс Қазақстан облысы) нәтижелі жұмыстарымен ерекшеленеді. Осы аталған әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары төзімділікті қолдап, ұлтаралық, этникаралық жанжалдардың бейбіт жолмен шешілуін насихаттап отырады, сауықтыру Орталықтарын ашып, жалғыз басты аналарға қолдау көрсетумен айналысады. Осылайша, бүгінгі таңда әйелдер тек қана өз құқықтарын қорғауда ғана емес, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін жүзеге асыруға тиімді жол табуда ерлермен тең дәрежедегі нәтижелі жұмыс жасай алатындықтарын жете түсінді. Демек, Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік тендік стратегиясының қабылдануы мемлекеттік саясатты әйелдер мен ерлер арасындағы әлеуметтік қарым-қатынасты өзгертуге бағыттап, мемлекет пен әйелдер үкіметтік емес ұйымдарының әлеуметтік серіктестігінің шығармашылық нәтижесі болып табылады. Зерттеуші Э.С. Сатыбекованың пікірінше, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әлеуметтік серіктестік екі бағытта өрбуі тиіс: гендерлік тұрғыны жүзеге асыру бойынша жобалар банкін қалыптастыру және Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының негізгі бағыттарының мән-мәтініндегі серіктестік жобаларды іске асыру механизмін қалыптастыру.

Қоғамдық құрылымда әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары жетекшілер мен басқарушыларды тәрбиелеуде маңызды тәжірибе мектебі болғандықтан, елімізде жоғары ықпалға ие. Сол себептен әйел қауымы үшін үкіметтік емес ұйымдар олардың шеберлігі мен икемділігін дамытуға зор мүмкіндік беретін ұйымдық форма болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары қазіргі уақытта әйелдердің құқықтарын қорғауға үлкен көмек пен қолдау көрсете алады. Бұл ұйымдар «азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану және сайлау, сонымен қатар, республикалық референдумға қатысу құқықтарын» жүзеге асырып отыр. Мәселен, 1998 жылы елімізде әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының Әйелдер сайлау блогы құрылған, оның мақсаты биліктің барлық органдарындағы әйелдер өкілдігін еселеу, сайлау үдерістерімен байланысты құқықтық білімді кең тарату болып табылады.[5]

Жалпы қазақ халқының санасында қыз баланы ерекше сыйлау дәстүрі қалыптасқан. Осы орайда ерте заманнан бері қыздарды төрге отырғызу, қыздарды жігерлі, қайсарлы, батыл қылып тәрбиелеу, өз әулетінің толық мүшесі ретінде қабылдау сияқты әрекеттер жүргізіледі. Қазақтың көшпелі дәуірінде-ақ ерлер мен әйел адамдар тең жүріп еңбек еткен, еркін жүріп, еркін өмір сүрген. Әйел - өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі деген көзқарас басымдыққа ие болған. Сол кезеңнің өзінде әйелдер атқа да мінген, мал да баққан, шаңырақ та көтерген, өнерін де көрсеткен, ел билеп, даналығын да таныта білген.

Сонымен, әйелдердің азаматтық бастамаларын қолдау мен оларды іске асыру Қазақстан Республикасы гендерлік саясатының маңызды міндеттерінің бірі. Осы орайда еліміздегі гендерлік саясат – отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің елдің саяси, әлеуметтік,

экономикалық және мәдени өміріне қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Демек, гендерлік саясат дегеніміз - әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мусабалина Г.Т. Женщина в традиционной казахской семье в XVIII – XIX вв.: исторический аспект.//Материалы международной конференции - Семей, 2009.-с.89-92
2. Мұхатова О.Х.Қазақ қоғамындағы әйел – ананың орны мен рөлі.
- 3.Роль женщин в социально-экономической и политической жизни Казахстана (информационно-аналитический доклад). – Алматы: Институт развития Казахстана.- 1997. – С.7.
- 4.Әйелдердің құқықтарын қорғау маңызды // Президент жәнeхалық. - №46 (428). - 2013. - 2 тамыз.
- 5.Назарбаев Н.Ә.«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012ж. Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). - 2012. - 15 желтоқсан.

УДК 94

БОВОЙ ПУТЬ ЛЕГЕНДАРНОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ 312-й СТРЕЛКОВОЙ ДИВИЗИИ

Ракишев Р.Т.

студент 4-го курса исторического факультета
Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – д.и.н, профессор Садыков Т.С.

312-я стрелковая дивизия сформирована в июле-августе 1941 года в Актобе (Актюбинске) в составе 1079, 1081, 1083-го стрелковых, 859-го артиллерийского полков, противотанкового и зенитного артдивизионов, разведывательного, саперного, связи и медико-санитарного батальонов.

Командиром 312-й дивизии назначили полковника Александра Наумова. По национальному составу в 312-ю стрелковую дивизию входили:

- русские – 4460 человек;
- казахи – 3556 человек;
- украинцы – 2012 человек;
- узбеки – 212 человек;
- татары – 184 человека;
- белорусы – 23 человека [1].

Основной базой формирования 312-й дивизии были лагеря ОСОАВИАХИМа и пионерлагерь в селе Карагалинское, что близ Актюбинска. Общая численность дивизии составила 11 347 человек. В основном это были призывники 1908-1918 годов: из Актюбинской области – 6 654 человека, ЮКО – 3 264, Уральска – 1 700, Гурьева – 691 и Кызыл-Орды – 450 человек.

18 августа 1941 года дивизия была погружена в эшелоны и направлена под Новгород. На Валдае бойцы заняли оборонительные позиции. Но в начале октября 1941 года на подступах к Москве в результате немецкого наступления части Западного, Резервного и Брянского фронтов были окружены и разгромлены. Уничтожена 81 дивизия, в плен попали 663 тысячи советских солдат и офицеров. Путь на Москву был открыт. Немцы шли на столицу триумфальным маршем, практически не встречая сопротивления. В столице воцарилась паника. Никаких дополнительных воинских резервов не было.